

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНДАҒЫ ГРАВЮРА: С.КУКУРУЗА МҰРАСЫ

Д. Б. Жумахметов

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының бейнелеу өнері және қолданбалы өнер коллекциясында бірнеше өнер туындылары жинақталған. Соның ішінде өлкеге белгілі жергілікті және өзге де суретшілер – Пак Б.П., В.В.Тимофеев, А.М. Верещагин, Т.А. Нечеухин, Т. Телеушев, А.Ж. Өтеген Таналардың ерекше графикалық туындыларын атауға болады. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында біздің өлкеде өмір сүрген С.И. Житников, А.И. Простев сынды белгілі суретшілердің естеліктерінде көрсетілгендей Ақтөбе жұртшылығы үшін бейнелеу өнері тансық болғаны және ұйымдастырылған көрмелерге қызығушылық аз екенің білеміз. Осы кезеңде украин халқының аяулы ұлы, ақын Тарас Шевченконың ізімен қазақ жерінде бар ғұмырын өткізген суретші, ұстаз Сергей Васильевич Кукуруза да Ақтөбеде өз қолтаңбасын қалдырған еді.

Сергей Васильевич Кукуруза 1906 жылы 3 ақпанда Украинадағы Приворотье ауылында дүниеге келген. 1979 жылы туған жерінде қайтыс болған. 1930 жылдары Киев Көркем-өнер институтында оқып, профессор М.Бойчук әсерімен украин халық шығармашылығы мен орыс және византиялық өнеріне ден қояды. 1936-1940 жылдары В.И. Суриков атындағы Мәскеу Мемлекеттік Көркем-өнер институтында білім алып, суретші-график мамандығымен бітіреді. Атақты графиктер А.И. Кравченко және М.В. Моториннен дәріс алған Сергей Кукуруза Ұлы Отан соғысындағы әскери қимылдарды сынағаны үшін 1941 жылы 7 жылға саяси лагерьге айдалады (Раимбергенов). Еңбекпен түзету саяси лагері Ақтөбе феррокорытпа зауытын салу аумағында орналасқан.

1947 жылдан бастап Сергей Кукуруза Ақтөбе қаласында тұрақтап, бейнелеу өнерімен айналыса жүріп педучилищеде ұстаздық етті. Сөйтіп, оның өмірлік жолындағы маңызды шығармашылық кезеңі Қазақстанда өтеді, гравюралық туындылары да жаңа реңкке ие болады. Оның түсті гравюраға ауысуының бірден-бір себебі – ағаш жоқтығынан линолеумнен кесінді жасауына тура келін, солай линогравюра туындылары басым болады (Кукуруза). Бұл ретте оған түсті линогравюраның көрнекті өкілі Михаил Моториннің берген білімі мен тәжірибесі молынан әсер етті. Өзіндік пікірі бар суретшінің идеалы Тарас Шевченко болғанына оның 1961 жылдан бастап салған «Шевченко прощается с деревом», «Шевченко на берегу Арала», «Шевченко в гостях у акына», «Шевченко у башни Кармелюка» атты бірнеше графикалық туындылары дәлел (Шарипова, 2014, 444-445).

Сергей Кукуруза Ақтөбедегі тұңғыш кәсіби суретші және осы өлкеде офорт, литография, линогравюра мен ксилография шебері атанды. Ол ағаштағы гравюра мен линолеумдегі түсті гравюра әдісін қатар қолдана алды, туындыларының көбі Ақтөбе мен Алматы қалаларының, дала пейзажы еді

(Раимбергенов, 2016, 56-57 бб). Гравюра өнеріндегі суреттер тақтайшаға ойылған белгілі бір көріністің бояу арқылы қағазға таңбалануы арқылы пайда болады (Гравюра). Сергей Кукуруза өз жұмысында кескі құралдармен (резец-штихели) бірге баспа станогын да қолданған, оған қажетті ағаштарды Суретшілер одағы жіберіп отырғаның оқушысы Инна Клявина еске алады (Художника Сергея Кукурузу).

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорының бейнелеу өнері коллекциясында Сергей Кукурузаның бірнеше туындысы сақтаулы. Атап айтсақ, гравюра және түсті линогравюралардан - «Разгром белых» (25x33), «Лампочка Ильича» (23,5x33), «Амангельдинцы» (33x20), «Стога сена» (29x18), «Вечер в степи» (31x21), «Обком КПСС» (29x18), «Шевченко в Карабутаке» (49x29), «Разведка земных недр» (31x18), «Политинформация» (17,5x11), «Первая борозда» (31,5x22), «Переезд через Каргалу» (30x19,5), «Целинный урожай» (32x14,5), «В полевом стане» (31x22), «Преображенная степь» (31,5x22), «Актюбинск. Общий вид на аул» (55x35), «Повесть о кукурузе в гравюрах» (30x41,6), «После дождя» (21x31), «Чабан Берде Бугумбаев из Карабутацкого района» (33x44), «Актюбинск, 1960 год» альбомы (Бейнелеу өнері). Бір қызығы, Сергей Кукурузаның гравюраларынан Ақтөбенің тарихи бейнесін, мысалы, «Дореволюционный Актюбинск» және «Вокзал» линогравюраларында 100 жыл бұрынғы провинциалды қаламыздың алғашқы көшелерінің бірі мен 1950 жылдардағы вокзал ғимаратын көре аламыз. Кукуруза туындылары көрер көзге түсінікті, оғаш емес, штрих пен екі түрлі рең: қара және қызғылт-сары түстер қолданылған. Бұған қоса, музей қорында Сергей Кукурузаның өзі қолданған құрал-сайманы да сақтаулы. ГКП – 4984 ағаш қорап (22,5x41 см) беті суырмалы тұтас әйнекпен жабылған, ішінде штрихталып сурет ойылып бетіне бояу жағылған клише-тақта (14x12x2 см) мен Renar France заттаңбасы ойылған темір жүзді ағаш сапты бір дана кескі құрал (9 см) және жүгері алқабында қыз суреті салынған «После дождя. С.Кукуруза - 62» жазуы жазылған қағаз бедерлеме бар.

Қазақ жеріне графика, гравюра, экслибрис ұғымдарын енгізіп, өмірінің соңына дейін бірнеше шәкірт буының тәрбиелеп Ақтөбедегі тұңғыш кәсіби суретші атанған Сергей Васильевич Кукуруза ісін бүгінде Әнуар Өтеген-Тана, Инна Клявина сынды жергілікті суретшілер жалғастырып, мұрасын Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі сақтап отыр.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

- 1 Бейнелеу өнері топтамасы бойынша екінші есеп кітабы. АОТӨМ қоры.
- 2 Гравюра. <https://ru.wikipedia.org/wiki/> 10.11.2020
- 3 Кукуруза Сергей Васильевич <https://tramvaiiskusstv.ru/plakat/spisok-khudozhnikov/item/6309-kukuruza-s-v.html> 2.11.2020
- 4 Раимбергенов А.И. Диалог национальной духовной традиции и европейских художественных систем – кардинальная составляющая художественной школы XX века Республики Казахстан

<https://cyberleninka.ru/article/n/dialog-natsionalnoy-duhovnoy-traditsii-i-evropeyskih-hudozhestvennyh-sistem-kardinalnaya-sostavlyayuschaya-hudozhestvennoy-shkoly-hh> 10.11.2020

5 Раимбергенов А.И. Особенности художественной жизни в Актюбинской области Республики Казахстан. – Барнаул.: 2016, 56-57 бб.

6 Художника Сергея Кукурузу сослали в Актюбинск в 1941 году. <https://express-k.kz/news/ekspozitsiya/khudozhnika-sergeya-kukuruzu-soslali-v-aktvubinsk-v-1941-godu-zdes-on-osnoval-svoju-shkolu-169275> 19.11.2020

7 Шарипова Д.С. Творчество С.Кукурузы в контексте изобразительного искусства Казахстана// IV Международная научная конференция «Кадырбаевские чтения - 2014», - Актюбе.: 2014. С 444-445.



Сурет 1. Дореволюционный Актюбинск. Линогравюра.